

Желтоқсан желі – ызғарлы

2014 жылдың 6 желтоқсан күні «Бағалау» мамандығының 105-тобында Тәуелсіздік күніне арналған **«Желтоқсан желі - ызғарлы»** атты ашық кураторлық сабағы өткізілді.

Ашық сабақ Қазақстанның әнұранымен басталды. Сабақ барысында студенттер 1986 жылдың ызғарлы желтоқсан айында болған қанды оқиғадан көрініс көрсетті. Одан кейін ашық сабақ Орнальдина Айжанның орындауындағы "Қайсар қазақ" атты әсем әнмен жалғасты. Соңында **«Желтоқсан желі - ызғарлы»** әнін топ студенттерінің орындауымен ашық сабақ аяқталды.

Қатысқан қонақтар өз ризашылықтарын айтып, студенттерге намысты қолдан бермейтін, батыр да батыл азамат болуға тілек білдірді.

